

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

1. Assmann J. Kültürel Bellek: учебник: в перев. Ayşe Tekin. / Jan Assmann. – İstanbul, 1997. – 345 с.
2. Atalay B. Divanü Lügati»it Türk Tercümesi: в 4 ч. / B. Atalay. –3 ч. – Ankara: Türk Tarih Kurumu Yayınları, 1985. – С. 232 .
3. Çeleboğlu, A. Türk Ninniler Hazînesi / A. Çeleboğlu, İstanbul. – Kitabevi Yayınları, 1995 – 669 с.
4. Cemil M. Tanburi Cemil»in Hayatı / M. Cemil. – Ankara: Kubbealti Publishing, 1947. – 319 с.
5. Uğurlu E. Kültürel Bellek Aktarıcısı Olarak Ninni // Milli Folklor Dergisi. –2014.– №13– С. 43–52.
6. Weisner S. The mythology of infancy: lullabies from a Jungian perspective / S. Weisner; – [Б.и]: Helsinki, 2000. – 780 с.
7. Yönetken H. Okulda müzik eğitimi ve öğretim metodları. // Eğitim dergisi. –1952. – № 6. – С. 254–256.
8. Посохова Е.В Турецкая колыбельная как один из жанров тюркского фольклора / Е.В. Посохова // Культура народов Причерноморья. – 2005. – № 74, Т.2. – С. 64–66.

УДК 81.2.21

ТҮРКІ ЖӘНЕ МОҢҒОЛ ТІЛДЕРІНДЕГІ ЖЫЛҚЫҒА ҚАТЫСТЫ ЛЕКСИКАЛЫҚ ПАРАЛЛЕЛЬДЕР

Құдайбергенов Ерасыл

k.yerasyl.kz@gmail.com

Түркітану мамандығының 1-курс магистранты,

Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Ескеева М.Қ.

Түркі және Моңғол тілдерінің агрошаруашылық және мал шаруашылығымен байланысты сөздіктерінің салыстырмалы зерттеулері моңғол халықтары өздерінің дәнді дақылдарының және үй жануарларының басым көпшілігін түркі халықтарынан алғандығын дәлелдейді. Алайда, жылқы малы бұл жағдайда үлкен ерекшелік болып табылады. Кейінгі зерттеулер түркі және моңғол халықтары жылқы малын бір-бірінен бөлек және өте көне кезеңде қолға үйреткенің дәлелдейді.

Дегенмен, ұзақ ғасырлар бойы тікелей байланысқа түскен моңғол және түркі халықтарының лексикалық қорында өзара аралас басталып, көптеген сөздер орта ғасырларда бір тілден екіншіге еніп, қазіргі таңда сол күйінде сақталған.

Бұл жұмыстың мақсаты түркі және моңғол тілдеріндегі жылқы малына байланысты лексемаларды жинақтап, салыстырмалы түрде анализ жүргізу.

Фактологиялық материал:

Ат «ат,жылқы»; Моңғол тілінде Мори(н).

Қазіргі барлық түркі тілдерінде *ат* сөзі «жылқы» мағынасын береді. Көне ескерткіштерден бастап, бүгінгі тілдерге дейін кездесетін бұл сөз өзінің алғашқы мағынасын әрқашанда ұстап келген.

Алайда, басқа сөздермен тіркескен жағдайда «зебра» мағынасын білдіретін сөз тіркестері де пайда болуы мүмкін. Мысалы, түркмен тілінде *чол аты* (тура мағынасы «дала жылқысы»), ұйғыр тілінде *ала-була ат* (тура мағынасы «ала ат») сөз тіркестері кездеседі.

Ат сөзінің дыбысталуы мен жазылуындағы айырмашылық түркі тілдерінде тек қана дауысты дыбысында байқалады. Азербайжан, алтай, балқар, башқұрт, гагауз, қазақ, қырғыз, ноғай, татар, түрік, ұйғыр тілдерінде *ат* формасы қолданылса, тува тілінде *аът*, өзбек тілінде *ат*, чуваш тілінде *ут* формалары қолданылады.

Ат сөзінен бөлек «жылқы» мағынасын беретін сөздерге *бәгір*, *лаша*, *жілкі* және *жонт* сөздері жатады. Бірінші сөз түрік және гагауз тілдерінде, екінші сөз чуваш тілінде қолданылады. Үшінші сөз барлық түркі тілдерінде бірдей таралған. *Жонт* сөзі көбінесе көне тілдерде кездеседі.

Лаша сөзі алғашқыда чуваш тілінде тек қана «жабайы жылқы» мағынасын білдірген, алайда уақыт өте келе барлық жылқы түрлеріне қолданылатын болған.

Жілкі сөзінің семантикасын көне жазба ескерткіштерінде анықтау өте күрделі мәселе болып табылады. Оның себебі *жілкі* сөзінің ерекше мағынаға ие болуы.

Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат-ат түрк» сөздігінде *жілкі* сөзі «(үйірдегі) жануар» мағынасында да беріледі. Бұл мағынадағы *жілкі* сөзі көптеген ескерткіштерде кездеседі. Бірақ, кейбір жағдайларда *жілкі* сөзі басқа жануарлар атауларымен қатар қолданған. Бұл *жілкі* сөзінің алғашқыда жылқы малымен байланысты болуына дәлел болып табылады.

Қазіргі түркі тілдерінде *жілкі сөзі* – «үйірдегі жылқы» (азербайжан, хакас, якут), «жылқы» (қазақ, татар), «бие» (алтай) мағыналарда да қолданылуда.

Түркі тілдерінде жылқыны түсіне, тұқымына, жасына, жынысына қарай ажырататын сөздер жиі кездеседі. Мысал ретінде қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты лексемаларды алуға болады:

Жылқы атаулары:

Айғыр – еркек жынысты жылқы атауы.

Бие – ұрғашы жынысты жылқы атауы.

Құлын – биенің жас төлі.

Жабағы – 6 айдан асқан құлын.

Тай – 1 жастан асқан жылқы.

Ұрғашы жылқы атаулары(яғни, байтал):

Құнажын байтал – 2 жастан асқан байтал.

Дөнежін шығар – 3 жастағы байтал.

Еркек жылқы атаулары:

Құнан айғыр – 2 жастан асқан айғыр.

Дөнен айғыр – 3 жастағы айғыр, және тағы басқа көптеген атаулар кездеседі.

Моңғол тілінде де жылқымен байланысты өте үлкен лексикалық қор сақталған.

Моңғол тілінде «ат» сөзі *morin* формасында кездеседі. Бұл жердегі *morin* сөзі тек қана «піштірілген айғыр» мағынасында қолданылады.

Adu'un сөзі «жылқы үйірі» мағынасын білдіреді. Алайда, алғашқы мағынасынан бөлек *adu'un* сөзі «жылқы,ат» мағынасында да қолданылады. Ал, жазба моңғол тілінде кездесетін *adu'usun* сөзі көне түркі тіліндегі *жілкі* сөзі секілді «жануар» мағынасын береді.

«Тай» мағынасында түркі тілдерінің ішінен чуваш тіліндегі *тиха* формасы моңғол тілінде *taha* түрінде кездеседі.

«Құлын» сөзін айтатын болсақ, моңғол тілінде мағынасы жағынан келетін *унауан* сөзі ғана қолданылады. Бұл сөз тек маньчжур тіліндегі унахан сөзі ұқсас болып келеді.

«Ұрғашы жылқыны» айтатын болсақ моңғол тілінде бұл мағынада *ge'un* сөзі қолданылады.

Жылқының еркек түріне, яғни, «айғыр» сөзіне эквивалент моңғол тілінде *Ajirya* формасында сақталған. Түркі тілдерінен алынған бұл сөз, *adyir* формасындағы түркі сөзінен сәл ғана фонетикалық өзгеріспен моңғол тіліне енген.

«Жабағы» сөзінің түркі тілдерінде көптеген формалары мен мағыналары кездеседі. Алайда, олардың барлығы жылқының жасына қатысты болып табылады. Ортақ мағынасы екі жасқа толмаған жылқыны білдіреді. Алтай тілінде *jabaga* «екі жасқа дейінгі құлын», башқұрт. *jabak* «күзде туған құлын», қазақ. *Jabaǵı* «алты айдан бір жылға дейінгі жастағы құлын» және т.б.

Берілген барлық формалар ортақ түркі *da бага* формасымен байланысты. Моңғол тілінде осы формаға сәйкес келетін *dagan* «екі жастағы құлын» сөзі кездеседі.

Түркі және моңғол тілдерінде жылқы малымен байланысты лексемалар ең алғашында жекеше түрде пайда болуына қарамастан, көптеген тікелей байланыс сәттері мен орта ғасырдағы өзара қарым-қатынас арқасында, екі тілдің арасында сөз алмасу процесі барысында түркі және моңғол тілдерінің мал шаруашылығы мен агрошаруашылыққа байланысты сөздік қоры өте ұқсас деңгейге жеткен.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. А.М.Щербак. Историческое развитие лексики тюркских языков. Москва. 1961. С. 92.
2. G.Clauson. Turkish and Mongolian horses and use of horses, an etymological study // "Proceedings of the VIIth meeting of the permanent international altaistic conference" – 1964. – V.10.
3. Баскаков Н.А. Ареальная консолидация древнейших наречий и генетическое родство алтайских языков // Вопросы языкознания.-М., 1970. – №4. – С.42-53.
4. Щербак А. М. Ранние тюрко-монгольские языковые связи (УІІІ/ХІУ вв.). – Санкт-Петербург, 1997. – 230 с.
5. Владимирцов Б.Я. Сравнительная грамматика монгольского письменного языка и хал- хасского наречия. 2-ое изд.-Москва,1989. – 449 б.
6. Базылхан Б. Қазақ және моңғол тілдері бойынша салыстырмалы зерттеулер. Филология ғылымдары докт. дисс. авторефераты. – Алматы – Улан-Батор, 1993. – 60 б.
7. Севоротян Э.В. "Этимологический словарь тюркских языков" в 4 томах. – М., 1974-1989.
8. Баскаков Н.А. "Тюркские языки", – М., 1966. – 532 с.
9. Кашгарий Махмуд. Дивану лугатий-турк в 3 томах, – Ташкент, 1961-1963.
10. Clauson Gerald, An Ethymological Dictionary of Pre-Thirteenth Century Turkish.1973. – 362 p.
11. Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание. Морфология. М., 1957. – 292 с.
12. Котвич В. Исследование по алтайским языкам. Перев. А.И.Толкачева. Под ред. И.В.Баскакова. М., 1962. – 373 с.

УДК 81-116.4

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ НАНЫМ-СЕНІМДЕРІ